

**З.Г. Сактаганова** , **М.Ы. Ыбырайхан\*** 

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан, Қарағанды қ.

\*e-mail: marat\_19.93@inbox.ru

## **1964-1985 ЖЖ. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АУЫЛ ТҰРҒЫНДАРЫНЫҢ КҮНДЕЛІКТІ ӨМІРІНДЕГІ БАСПАНА ҚҰРЫЛЫСЫ ЖӘНЕ БАСПАНАМЕН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ШЕШУ ТӘЖІРИБЕСІ**

Бұл мақала 1964-1985 жылдардағы Орталық Қазақстанның ауыл тұрғындарының тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй мәселелерін шешу тәжірибесін зерттеуге арналған. Қазақстан мен Ресей Федерациясының мұрағат қорларынан алынған мұрағаттық материалдар негізінде авторлар тұрғын үй қоры мен тұрғын үй құрылысының жай-күйіне талдау жасады, тұрғын үй және құрылыс ісінде жинақталған проблемалардың себептерін қарастырды. Зерттеу барысында бірқатар аудандардың ауыл тұрғындары арасында жиналған сұхбат материалдары пайдаланылды. Нәтижесінде өңірдің аграрлық аудандарындағы тұрғын үй проблемасын шешудің ерекшеліктері, Орталық Қазақстандағы ауылдық күнделікті өмірде құрылыс пен тұрғын үймен қамтамасыз етудегі қиындықтар мен олардың себеп-салдарлары анықталды. Ауыл тұрғындарының әл-ауқатының өсуіне және ХХ ғасырдың 70-ші және 80-ші жылдарының бірінші жартысындағы құрылыс мәселесіне жергілікті билік назарының күшеюіне қарамастан, халықтың тұрғын үймен қамтамасыз етілуі төмен деңгейде болды. Авторлар атап көрсеткендей тұрғын үймен қамтамасыз ету мен құрылыстың жеткіліксіз дамуының негізгі факторларының арасында: материалдық-техникалық базаның нашарлығы, өңірдегі ауылдық елді мекендердің шалғайлығы мен шашыраңқылығы, көлік инфрақұрылымының төмен деңгейі, құрылысшы-мамандардың жетіспеушілігі және т.б. проблемаларды шешу көбінесе жергілікті басшылар мен мамандардың, сондай-ақ жергілікті жерлердегі тұрғындардың өздерінің іскерлігімен қамтамасыз етілді. Мақала материалдары Орталық Қазақстандағы ауыл тұрғындарының әлеуметтік бейімделу проблемалары мен тоқырау жылдарында ҚазКСР-дағы ауылдық жерлердегі кеңестік мемлекеттік саясаттың түп-төркінін қарастыру үшін негіз бола алады.

**Түйін сөздер:** күнделікті өмір, Орталық Қазақстан, құрылыс, баспана.

Z.G. Saktaganova, M.Y. Ybyraikhan\*

Karaganda University named after academician E.A. Buketov, Kazakhstan, Karaganda

\*e-mail: marat\_19.93@inbox.ru

### **The experience of solving the housing problem and housing construction in the daily life of the villagers of Central Kazakhstan in 1964-1985**

This article is devoted to the study of the experience of solving housing problems and housing construction, the state of housing of the villagers of Central Kazakhstan in 1964-1985. Based on archival materials from the archives of Kazakhstan and the Russian Federation, the authors analyzed the state of the housing stock and housing construction, considered the causes of problems that have accumulated in the housing and construction business. The study also used interview materials collected among the rural population of a number of districts. As a result, the features of solving the housing problem in the agrarian regions of the region, the consequences and difficulties in construction and housing provision in rural everyday life in Central Kazakhstan were identified. Despite the gradual positive dynamics, the growth of the welfare of the villagers and the increased attention of local authorities to the construction issue in the 70s and the first half of the 80s of the twentieth century, housing security of the population was at a low level. Among the main factors of insufficient development of housing and construction, the authors identified: poor material and technical base, remoteness and dispersion of rural settlements in the region, low level of transport infrastructure, lack of construction specialists, etc. The solution to the problem was largely provided by the entrepreneurial spirit of local leaders and specialists, as well as local residents themselves. The materials of the article can serve as a basis for considering the fundamentals of Soviet state policy in rural areas in the Kazakh SSR during the years of stagnation and problems of social adaptation of rural population in Central Kazakhstan.

**Key words:** daily life, Central Kazakhstan, construction, housing.

З.Г. Сактаганова, М.Ы. Ыбырайхан\*

Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова, Казахстан, г. Караганда

\*e-mail: marat\_19.93@inbox.ru

**Опыт решения жилищной проблемы и жилищного строительства  
в повседневной жизни сельчан Центрального Казахстана  
в 1964-1985 гг.**

Данная статья посвящена исследованию опыта решения жилищных проблем и жилищного строительства, состоянию жилья сельчан Центрального Казахстана в 1964-1985 годах. На основе архивных материалов из фондов архивов Казахстана и Российской Федерации авторами проанализированы состояние жилищного фонда и жилищного строительства, рассмотрены причины проблем, накопившихся в жилищном и строительном деле. В ходе исследования были использованы также материалы интервью, собранные среди сельского населения ряда районов. В результате были выявлены особенности решения жилищной проблемы в аграрных районах региона, последствия и сложности в строительстве и обеспечении жильем в сельской повседневной жизни в Центральном Казахстане. Несмотря на постепенную позитивную динамику, рост благосостояния сельчан и усиление внимания местных властей строительному вопросу в 70-е и первой половине 80-х годов XX века, жилищная обеспеченность населения была на низком уровне. Среди основных факторов недостаточного развития жилищного обеспечения и строительства авторами выделены: плохая материально-техническая база, отдаленность и разбросанность сельских населенных пунктов в регионе, низкий уровень транспортной инфраструктуры, нехватка специалистов-строителей и др. Решение проблемы в большей степени обеспечивалось предприимчивостью местных руководителей и специалистов, а также самих жителей на местах. Материалы статьи могут служить основой для исследования советской государственной политики в сельской местности в КазССР в годы застоя и проблем социальной адаптации сельского населения в Центральном Казахстане.

**Ключевые слова:** повседневная жизнь, Центральный Казахстан, строительство, жилье.

## Кіріспе

Тарих ғылымындағы көпшілікке белгілі уақиғалардың астарында қалың бұқараның күнделікті тірлігі және ішкі күйзелістері мен толғаныстары жатыр. Бүгінде күнделікті өмір тарихы осы жалпылама сұлбалар астында жатқан нақты жағдайлар мен олардың ішкі және сыртқы себеп-салдарларын қарастыруға қажет зерттеу бағыты. Күнделікті өмір тарихының аясында өмірдің материалдық және рухани бөліктері бойынша әртүрлі аспектідегі зерттеулердің жүргізілуі ғылыми бағыттың өзектілігін күн сайын арттырып келеді. Күнделікті өмір тарихы жағдайларының аясын кеңістік пен уақыт анықтайды. Мақалада кезең ретінде 1964-1985 жж. аралығы, ал кеңістік ретінде Орталық Қазақстанның ауылдық аймақтары қарастырылған. Объект Орталық Қазақстан ауылдық аймақ тұрғындары, ал пән күнделікті өмірдегі құрылыс ісі мен баспана салудағы мәселелер болып табылады. Ауылдық аймақтағы күнделікті өмірде бүгінге дейін біз көретін жағдайлардың астарында ежелден келе жатқан ұстанымдар мен көзқарастардың сарқыншағы байқалады. Бұл сарқыншақтар мәдени мәнге ие және адамзаттың ертеден келе жатқан табиғат

және әлеуметтік ортамен байланысының себеп-салдарын ұғынуға жетелейді.

Жалпы құрылыс ісі мен адамды баспанамен қамтамасыз етуді қарастыру әлеуметтік-экономикалық, мәдени-тұрмыстық мәселелерді анықтауға септесетіндігімен өзекті. Кеңестік кезеннің ауылдық күнделікті өміріндегі аталмыш тақырыпты зерттеудің өзектілігі нақты уақыт пен кеңістіктегі тұрғындардың өмір сүру жағдайы мен жалпы қамтамасыз ету мәселелерін анықтауында.

Ауылдық аймақтардағы және жалпы күнделікті өмір аясындағы құрылыс ісі мен баспана жағдайы мәселесінің тарихнамасын келесі топтарға бөліп қарастырамыз: 1) шетелдік, сонымен қатар ресейлік; 2) кеңестік, сонымен қатар Қаз КСР кезеңіндегі еңбектер; 3) Тәуелсіз Қазақстан кезеңіндегі еңбектер.

Шетелдік тарихнамадағы Ф. Бродель (Бродель, 1986), Э. Ле Руа Ладюри (Ле Руа Ладюри, 2001), Ф. Арьес пен Ж. Дюби (Арьес, 2017) және т.б. авторлардың іргелі еңбектерінде құрылыс ісі мен баспана, сонымен қатар ауылдық аймақтағы күнделікті өмірдің басқа да аспектілері бойынша ерекшеліктер қарастырылады. Шетелдік тарихнаманың бір бөлшегі ретіндегі 1991 ж. бергі ресейлік тарихнамада тақырыпқа

қатысты монографиялар мен диссертациялық жұмыстардың арасынан ауқымды зерттеудің бірі ретінде В.В. Назаровтың монографиясы (Назаров, 1998) мен диссертациясы (Назаров, 1999) кездеседі. Кеңестік тарихнамадағы А.Н. Чуркиннің монографиясында ауыл шаруашылығының интенсификациясы аясында жүргізілген құрылыс ісі мен ауылдық аймақ келбетінің өзгеруіне оң баға беріледі (Чуркин, 1974). Кеңестік кезеңдегі Қазақстанда тақырып бойынша О.С. Махашевтің еңбегінде ауылдық аймақтағы құрылыс ісін басқару мен жоспарлау мәселесіндегі кемшіліктер мен жетістіктерге толыққанды баға берілген (Махашев, 1982). Тәуелсіз Қазақстандағы Отандық тарихнамада бұл мәселеге өз зерттеулерінде арнайы көңіл бөліп жүрген зерттеушілер ретінде З.Г. Сактаганованы атап өтуге болады (Saktaganova, 2020).

### Материалдар мен әдістер

Мақаланың методологиялық негізіне тарихилық және жүйелілік принципі алынып, 1964-1985 жж. Орталық Қазақстан ауылдық аймақтарындағы құрылыс ісі және баспанамен қамту мәселелері біртұтас жүйе ретінде қарастырылды. Жалпы ғылыми әдістер арасынан индукция және дедукция қолданылды. Мақалада өз заманына сай кемшіліктерді атап өтеміз, сонымен қатар олардың себеп-салдарлары сараланады. Біздің назарымыз әлеуметтік жағдайға байланысты әрекет пен белгілі бір ортадағы мәселелерге жергілікті және сыртқы әсерлерді анықтау. Мақаладағы мәселелер бойынша тұжырымдар жасауда табиғи және әлеуметтік орта жағдайының мәні мен мазмұнына қарай объективті заңдылықтарды анықтауға логикалық әдіс септігін тигізді. Өзара ұқсас және байланысты факторлар мен жағдайлардың әрекеттестігі мен қатынасын анықтау және көрсету үшін констелляция әдісіне сүйендік. Нақты жағдайлардағы жеке адамның әрекетін ашып, мүддесін айқындау мақсатында кейс-стади әдісі қолданысқа түсті. Кеңестіктегі тарихи шындық өзгерісін сараптауға және талдауға диахронды-құрылымдық әдіс негіз болды.

Мақаланы жазу барысында Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих архивінің 591 қоры («Сельская жизнь» газетінің редакциясы), Ресей Федерациясы Мемлекеттік архивінің 9527 қоры (КСРО Халықтық бақылау комитеті), Ресей Мемлекеттік Экономика архиві 7486 қоры (КСРО Ауыл шаруашылығы министрлігі), 131 қоры (КСРО Селолық құрылыс

министрлігі), Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік архивінің 2022 қоры (Қазақ КСР Селолық құрылыс министрлігі) материалдары қолданылды.

Мақалада негізінен 2021-2022 жж. ақпан айлары аралығында Орталық Қазақстанның барлық аудандары бойынша ауызша интервью әдісімен жиналған материалдар пайдаланылды. Ауызша интервью материалдарын жинау әдістемесінде Т.К. Щеглова еңбектері негізге алынды (Щеглова, 2008). Мақалаға дереккөз ретінде жиналған интервью материалдарын ғылыми мақсатта пайдалану, респондент ойын жинақы әрі түсінікті түрде жеткізу қажеттілігі негізгі ойды сақтай отырып респондент сөзіне стилистикалық өзгерістер енгізуді талап етті.

Ізденіс барысында сапалық методологиямен қатар сандық методология да қолданылды. Сапалық методология интервью материалдарына, ал сандық методология архивтік құжаттарға қатысты пайдаланылды.

### Нәтижелер мен талдаулар

Мақалада ауылдық аймақтардағы құрылыс ісі және баспанамен қамту бойынша негізгі көңіл аударатын мәселелер:

- құрылыс ісіндегі материалдық-техникалық базаның әлсіздігі;
- саладағы жұмысшылар мен мамандардың жетіспеуі;
- қажетті құрылыс материалымен қамтамасыз етудегі кемшіліктер;
- ауылдық аймақтың шалғай орналасуының кері әсерлері;
- құрылыс сапасы және т.б;

Орталық Қазақстан ұғымы 1932 ж. бері бір ғана Қарағанды облысын білдіреді, бүгінгі күнде 9 ауданды құрайды, тек 1973-1997 ж. аралығында Жезқазған облысы Қарағанды облысынан бөлініп шыққан. 1979 ж. Бүкілодақтық санақ мәліметтері бойынша халық саны: 1. Қарағанды облысы – 1,25 миллион; 2. Жезқазған облысы – 450 мыңға жуық. Ауыл халқының саны: 1. Қарағанды облысы – 260 мыңға жуық; 2. Жезқазған облысы – 176 мың (Итоги Всесоюзной... , 1983).

XX ғасырдағы елімізде орын алған ауқымды әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге байланысты Орталық Қазақстан бойынша ауыл тұрғындарынан қала халқының саны бірнеше есе артық болды. Халық саны ауылда да, қалада да жыл сайын артып отырды. Адам саны көбейген сайын басты қажеттіліктердің бірі баспанаға

сұраныс арта түседі. Ертеден бері әлем бойынша тұрғын үйдің бізге белгілі екі категориясы бар: ауылдық және қалалық. Бүгінде қала үйлері саны бойынша басымдықты құрағанымен, ұзақ уақыт бойы ауылдық үйлер категориясы кең таралып келгені айқын. Ауылдық үй көбінесе жеке сәулет-құрылыс ғимараты емес, адамның негізгі және бастапқы қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған қарабайыр бас паналайтын орыны есебінде ғана болды (Бродель, 1986: 295).

1965 ж. КСРО ауыл шаруашылығы министрлігінің есебі бойынша совхоздардың қарамағындағы мемлекеттік тұрғын үй қоры тұрғындардың тек 30% қамтамасыз етіп, сонымен қатар осы үйлердің басым бөлігі нашар, тіпті көпшілігі апатты жағдайда тұрған. Совхоз тұрғындарын үй, мектеп, мектепке дейінгі мекемемен қамтамасыз ету 1953 ж. салыстырғанда 2 есеге төмендеп кеткен (РМЭА. 7486 қ. 21 т. 428 іс. 82 п.). Шаруашылық пен өмірдің көптеген салалары мемлекет қарамағында болса да, баспана мәселесін қарапайым халық өз бетімен

шешуге әрдайым әрекет жасаған. Ауылдық жердегі туыстық және көршілік қарым-қатынас институттарының әрекет етуі шағын ортадағы әтүрлі мәселелерді, соның ішінде құрылыс мәселесін шешудің бір жолы болды. Бұл жайлы респондент: «Саман кірпіштен салынған үйде тұрдық. Кірпішті саздан илейді, сабан, сиырдың көңін қосады. Үйді асар жасап, көпшілік болып бірігіп салатын» (Корикбаев, 2022). Құрылысқа қажетті кірпіш құю және т.б. материалдарды дайындауды жергілікті жерде бірігіп жүзеге асыру көпшілік қоғамдарда ерте уақыттардан кездеседі. Еуропалық қоғамдағы материалмен қамтамасыз етудегі айырмашылық өнімді сатудың арнайы кәсіп ретінде ертерек қалыптасуы (Дэвис, 1990: 96).

Құрылыс ісінде кеңестікарнайы мекемелердің ролі зор болды. Аталмыш кезеңнің ортасындағы кейбір жетістіктер ілгерілеушілікті байқатады. Қазақ КСР селолық құрылыс Министрлігінің 1971 ж. өндірістік және шаруашылық-қаржылық қызметі жайлы жылдық есепке түсіндірме жазбасында келесі мәліметтер келтірілген.

**1-кесте** – Жұмыстар жоспарын орындау мен объектілерді іске қосу

	Өлшем бірлік	Жылдық жоспар	Нақты іске қосылды	% жылға
Тұрғын үй	Ш.м	521359	586763	112
Мектеп	Орын	37958	37540	99
Балабақша	-«-	6280	6320	100
Емхана/поликлиника	Төсек-орын/бару	1293/2300	1213/2050	93/89
Клуб	Орын	8530	8950	104
Кинотеатр	-«-	1490	1590	707

(ҚР ОМА. 131 қ. 2 т. 388 іс. 2 п.)

1970 жж. бастап құрылыс саласында ілгерілеушілік байқалады. Бұл жағдайлар ескеруге тұрарлық. Бірақ, жетістіктер астарында көптеген кемшіліктер мен күнделікті өмір жағдайлары жатыр.

Ауылдық аймақтардағы мемлекеттік шаруашылықтарда материалдық ынталандыру, тұрмыстық жағдай және мәдени қызмет көрсетудің төмен деңгейінен көпшілік салаларда кадрлармен қамтамасыз етуде қиындықтар болды. Үкіметқала құрылысына қаржы және құрылыс материалдарын ысырапшылдықпен жұмсауын жалғастырды. Бұл туралы Қаз КСР Ауыл шаруашылығы министрлігі қой совхоздарының бас зоотехнигі В. Пласкеевтің «Сель-

ская жизнь» газетінің редакциясына 1965 ж. жазған хатынан байқаймыз. Хат авторының айтуынша қала құрылысына мемлекеттік қордан бірнеше миллиондар жұмсалады. Қаржы қала жағдайында шұғыл қажет емес және 4-5 жыл сол объектілерді салмай-ақ табысты іс жүргізуге болар еді. Жаңадан құрылған совхоздар өндірістік жабдықтау мен адамдарға тұрмыстық жағдай жасауда зор қиындықтарға кездесіп жүргенін көзбен көргенін де атап өтеді. Шаруашылықтар қаржы мен құрылыс материалдарын таба алмай мәселелерді жергілікті жерде өз күштерімен амалдап шешуге мәжбүр болды деп түйіндейді маман (РМЭСТА. 591 қ. 1 т. 169 іс. 163 п.). Совхоздардың жаңадан ашылуы әкімшілік

бірліктің өзгеруі, кеңестік шаруашылықтардың көлемінің ұлғаюы мен оларға қойылатын талаптардың жоғарылуынан әрдайым жалғасты. Сондықтан сәйкесінше жаңа совхоздардағы бұл мәселелер кеңестік кезеңнің барлық өн бойында өзекті болып қала берді.

Қалалық ортамен салыстырғанда ауылдық жердегі баспана мәселесінің түйткілдері күрделі болғаны жайлы респондент: «1964 ж. пединститутты бітіріп келген бетте үйге кезекке тұрдым. Мұғалімдер мен дәрігерлердің жағдайына бастапқыда ешкім қарамады, мекемеге үй салу үшін қаржы аз беретін. Мемлекет тарапынан үй салынбаған соң, тұрғындар баспананы өздері салды. Мен ағаммен бірігіп үй салдым. Үйлер негізінен ұра қазып, ішіне сабан мен лай салып басып, қалыпқа құйылып, кептірілген кірпіштен салынды, кейбіреулер шлақты цементпен қосып құйып сала бастады. Шатырлы үйлерді 1970-ші жж. көрдік. Тақтай тілу қолмен атқарылған қиын жұмыс еді, ағаш едені бар ғимарат алғаш рет тек мекемелерде болды» (Арқонов, 2021).

Қалаларға қарағанда ауылдық жердегі құрылыс ісі мен баспана мәселесіне берілген кезеңдегі көңіл бөлудің төмен деңгейі КСРО ғана емес, дамыған елдерде де, мысалы Францияда байқалады. Көптеген ауылдық жердегі баспана от жағып, тамақ пісіріп, ас ішіп, барлық отбасы мүшелері бірге ұйықтайтын бір ғана бөлмеден тұрған. Франциядағы ауылдық жерде баспана мәселесінің біртіндеп шешілуі 1950 жж. ортасынан бастау алып, неғұрлым оң нәтижелерге 1970 жж. ортасында ғана жетеді (Арьес, 2017: 26-28).

Қаржылық мәселелерден бөлек кеңестік құрылыс саласының техникалық дамуының деңгейі төмен болды. 1960 ж. аяғындағы мәліметтер бойынша көптеген ПМК (передвижная механизированная колонна) өзінде өндірістік техникалық тірек базаға ие болмағандықтан құрылыс жоспарын орындай алмаған. Құрылыс механизмдері мен технологиялық автотранспортты профилактикалық жөндеумен айналысатын шеберханалар болмағандықтан техника толық істен шыққанша жұмыс жасаған. Экскаваторшы, бульдозерші, тракторшы, краншы, шоферлар ауыр далалық жағдайларда жұмыс жасап, машина мен механизмдерді жөндеуді ашық алаңдарда жүргізеді. Бұл механизатор кадрлардың тұрақтамауына, механизмдердің тез істен шығып, тұрып қалуына әкелген. Мекемелерді құрылыс техникасымен қамтамасыз ету толыққанды жүргізілгеніне қарамастан, олардың қолданылуы төмен деңгейде еді.

Құрылыс-монтаж жұмыстары жоспарының үздіксіз өсуі барысында селолық құрылыс мекемелеріне технологиялық автомашиналар аз бөлінді. Автомашиналардың жүйелі түрде жеткізілмеуі нәтижесінде құрылыс тресттерінің автомобиль баздарының қарамағында негізінен қызмет ету уақыты біткен 1956-1959 жж. машиналар жиналып қалған. Жалпы республика бойынша 9537 машина ішінен өзінің техникалық жағдайына қарай 2860 автомашина немесе парктың 30% толық есептен шығарылуы керек еді. Автопарктың әбден тозығына жетуімен байланысты құрылыс материалдары мен адамдарды жұмыс орнына жеткізу уақытында жүзеге асырылмай жүрді (ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 314 іс. 139 п.).

Ауылдық құрылыс ісіндегі негізгі мекеме аудандық ПМК-ның қамтамасыз етілуі оған жүктелетін ауқымды міндеттер деңгейімен сәйкес келмегені жайлы респондент: «ПМК-ның атының өзі уақытша мекеме дегенді білдіргендей болды. Біз аудандық исполкомға бағынбай, тікелей «Қарағандасельстрой-10» тресіне қарадық. Сондықтан ауданға қандай да бір маңызды жабдықтар келсе алған жоқпыз. Негізінен совхоздарға берді, бірақ құрылыстың барлығын ПМК жүргізді. Біз тікелей облыстан немесе басқа жолдармен қажеттіні тауып алатынбыз».

1960 жж. республика бойынша ауылдық жердегі құрылыс ісінде басқа өңірлер секілді Орталық Қазақстанда да жүйелі және құрылымдық кемшіліктерге жол беріліп жатты. 1964 ж. совхоздардағы құрылыс бойынша анағұрлым нашар жағдайда жұмыс жасап жатқан Батыс Қазақстан, Алматы, Қарағанды облыстары болды. Бірінші квартал бойынша құрылыс жоспары Батыс Қазақстан және Алматы облыстарында 37, Қарағанды 30, ал Орал облысы бойынша тек 5 процентке ғана орындалған.

Жоспардың орындалмауы қаржының және материалды ресурстардың көптеген объектілер бойынша шашырай жұмсалуды, жоспардан тыс құрылыстың жүргізілуі, ауылдық жерде келісім-шарт негізіндегі мердігерлік жолмен құрылыс салу үлесі төмендігінің салдары болып табылады. Сонымен қатар, ауылдық мердігерлік құрылыс мекемелерінің өндірістік күші төмен, олардың өндірістік базасы нашар дамыған еді. Совхоздардағы күрделі құрылыс мамандармен, механизммен, құрамалы темір бетонмен, қабырғаға арналған материалдармен нашар қамтамасыз етілді. Шаруашылық және мердігерлік жолмен салынатын ауылдық жердегі

құрылыстардың механизация деңгейі төмен болды. Жерді қазу жұмыстары 80-90 пайыз қолмен атқарылып, құрылыстар жүк көтеретін механизмдермен нашар жабдықталды (РФМА. 9527 қ. 1 т. 593 іс. 3 п.).

Ауылдық жердегі құрылыс саласының өркендеуіне қажетті техникалық жабдықтар және құрылғылармен қамтамасыз етудегі, сонымен қатар оларды пайдаланудағы жетіспеушіліктер кедергі келтірді. Ауылдық аймақтардағы құрылыс жүргізуде ширақтық пен тапқырлық таныта білу қажет еді: «Совхоздың құрылысына жауапты маман болып алғаш барғанымда, материал шашылып жатыр. Барлық құрылыс материалын жинап, қойманы қоршап, ретке келтірдік. Ол кезде құрылыста қолдануға ыңғайсыз үлкен ағаштарды әкеледі. Ешкім кесе алмаған соң, игерілмей жататын. 1972 ж. тақтай тілетін пиларам орнатқыздым. Қажетті маман табылмағандықтан көрші совхоздан жасырын алып келдік. Техникалық жабдық маманының көмегімен пиларам, столярка, циркулярка орнаттық. Өзімізге қажетті ағашты тіліп, өңдейтін жағдайға жеттік. Құрылысты жүргіздік...» (Ахмаев, 2021).

Кеңестік шаруашылық жүйе тудырған бюрократиялық жүйе қажетті істі жылдам әрі нәтижелі жүзеге асыруға басты кедергілердің бірі болды. 1965 ж. Қарағанды облысының Қарқаралы, Ақтоғай, Тельман өндірістік басқармаларының совхоздары қаржыландыруды кешеуілдетіліп, тек 10 сәуірде рәсімдеген. Құрылысты толықтай және уақытында қаржыландыруды рәсімдеуге кедергі келтіретін себептердің бірі, құрылыс объектілерінің тізімдері көрсетілген құжаттар мен күрделі жұмыс жоспарының негізгі қорлар және қуаттарды іске қосу тапсырмасы, объектілерді іске қосу мерзімі, күрделі салым және құрылыс-монтаж жұмыстарының жоспарына сәйкессіздіктері. Объектілер тізімі бойынша тапсырма және күрделі жұмыс жоспары арасындағы сәйкессіздіктер Қарағанды және Қостанай облыстары бойынша тексерілген барлық 18 совхоздағы құрылыстарда кездескен.

Қарағанды облысында 7,2 млн. сом тұратын 352 объект немесе жалпы күрделі жұмыс жоспарының 16% жобалық-сметалық құжаттармен қамтамасыз етілмеген. Халық шаруашылығы зауыттарының басқа типтегі үйлердің бөлшектерін жіберуіне байланысты тұрғын үйлер бойынша жобалық-сметалық құжаттардың болмауы кездеседі, ал үй бөлшектері бойынша ертерек құрастырылған және салынатын объектілер тізіміне қосылған

құжаттар жарамсыз болып шығады. Қарағанды облысы бойынша 102 совхоздың 59-ы орталық елді-мекен бойынша құрылыс жобаларына ие, оның ішінде 23 совхоз бұл жобалардың қайта құрастырылуын қажет еткен (РФМА. 9527 қ. 1 т. 593 іс. 8-13 пп.).

Кеңестік кезеңдегі ауылдық жердегі елді-мекен, адам санының көбеюі мен шаруашылықтың отырықшы негіздеріне басымдық берілуіне байланысты болашаққа бағытталған, кешенді және күрделі сәулет-құрылыс жоспарына сәйкес салынуы тиіс болды. Ең бастысы жоспар жергілікті жердің табиғи және шаруашылық ерекшеліктері мен әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды ескеріп жасалуы қажет еді. Ауылдық жердегі құрылыс саласындағы күрделі мақсаттарға бағытталған жоспарды жасау және жүзеге асыруда жіберілген фундаменталды қателіктер көптеген кемшіліктердің пайда болуына әкелді. Кеңестік бюрократиялық жүйе осы кемшіліктермен қабаттаса отырып саланың дамуын тежеп отырды.

Құрылыс ісі неғұрлым жоғары деңгейге шыққан 1980 жж. басының өзінде республика бойынша Актюбэлеваторсельстрой, Қзылордасельстрой №16, Карагандасельстрой №10 секілді мекемелер өндірістік қуат және еңбек өнімділігін арттыру бойынша кемшіліктер жіберген. Кемшіліктердің негізгі себептері: құрылыс өндірісінің ұйымдастыру-техникалық деңгейінің төмендігі, құрылыс техникасын, еңбекті және жабдықтауды ұйымдастырудағы олқылықтар. Құрылыстық өндірісті ұйымдастырудағы тепе-теңдіктің жойылуы, қаржының әртүрлі бағытта шашыраңқы қолданылуы құрылыс барысына, сапасына және салыну ұзақтығы нормаларының орындалуына кері әсер етті. Құрылыс ісін ұйымдастыруда асығыстық, шалағайлық пен салғырттыққа жол беру саланың дамуын тежей түсті. Құрылысқа қажетті құжаттарды талапқа сай және жергілікті жердің табиғи-климаттық және т.б. ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып дайындауда жіберілген қателіктер сала мамандарына қарсы жұмыс жасады. Мысалы, 1980 ж. Қостанай облысы Притобольск және Викторовск совхоздары, Қарағанды облысының Есенгелді совхозында аталған кемшіліктердің жіберілуінен мал шаруашылығы комплексі және тұрғын үйлердің іске қосылуы қымбатқа түсіп, ұзаққа созылып кетті (Махашев, 1982: 14-15).

Құрылыс саласында басқа салалардағы секілді барлық уақыттарда жұмысшы күшінің маңызы зор. Құрылыс саласына қажетті барлық жағдай болғанның өзінде адамсыз бұл сала

ілгерілеуге мүмкіндік ала алмайды. Дамыған еуропалық елдерде де құрылыс ісі мен техника дами бастаған уақытта да құрылысшы мамандар қажеттілігінің деңгейі ешқашан түскен емес (Бродель, 1986: 289).

Құрылыс саласының мамандары және жұмысшыларымен қамтамасыз ету үнемі назарда болғанымен кемшіліктер орын алып отырды. Ауылдық жердегі бұл кемшіліктер 1960 жж. бастап «Тұрғын үй-91» бағдарламасын толық жүзеге асырғанша қала берді. 8-ші бесжылдықтың басында Қаз КСР селолық құрылыс Министрлігінің мердігерлік мекемелері объектілердің құрылысы мен қолданысқа енгізілуін жылдамдатты. 1965 ж. салыстырғанда 1966 ж. тұрғын үйді қолданысқа тапсыру 10%, мектептерді 22%, емханаларды 1,6 есеге, кинотеатр мен клубтарды 2 есеге, кәсіптік техникалық училищелерді 2,2 есеге өскен. Бірақ, 1966 ж. бекітілген мердігерлік құрылыс, құрылыс-монтаж жұмыстары, объектілерді іске қосу жоспарларын Министрліктің 25 құрылыс трестінің тек 4-і орындаған. Жоспарды орындамаудың басты себебі көптеген тресттерде жұмысшылар мен мамандардың тұрақтамауы болды. 1966 ж. селолық құрылыс тресттерінен 63 мың адам өндірістік салаға ауысып кеткен екен немесе бұл жалпы жұмыскерлердің 55% (ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 314 іс. 137 п.).

Селолық құрылыс Министрлігінің жұмыс тәжірибесі көрсеткендей осыншама көлемдегі жұмысшылар тұрақсыздығы келесі себептерден:

1. Құрылыс ұйымдарының жұмысшы күшімен қамтамасыз етілмеуі және селолық құрылысшылардың өндірістік біліктілігінің төмендігі. Жалпы Министрлік бойынша жұмыскерлердің орташа разряды 2,8 құрайды, бұл айына 70-75 сом көлеміндегі төмен жалақы алып келген.

2. Қозғалмалы механикаландырылған лек (ПМК) пен басқармалардың жұмыскерлері және инженерлі-техникалық құрамының тұрғын үй және мәдени-тұрмыстық мекемелермен қамтамасыз етілмеуі. Бұл үшін Министрлік қарамағында 1241 мың ш.м. тұрғын үй, 12 мың орынға арналған балабақша, 2182 орынға арналған асхана болуы тиіс еді. 1968 ж. басында 408 мың ш.м. тұрғын үй, 485 орындық балабақша ғана болды, ал асхана мен клуб мүлде болмады. Тұрғын үймен, балабақша, клуб және асханамен қамтамасыз етудегі кемшіліктер жұмыскерлердің тұрақтауына және отбасының басқа мүшелерінің жұмыс істеуіне кедергі келтірді. Көптеген алыста орналасқан құрылыс ұйымдарында жұмыскерлердің та-

мақтануы дұрыс жолға қойылмай, тамақ қымбаттығы және асхана жетіспеушілігі орын алып, қоғамдық тамақтану желісін кеңейту қаржыландырылмады.

3. Жоғары және орта білімді мамандардың жетіспеуі. Сондықтан Министрлік мекемелерде аға прораб, мастер, экономист, бухгалтер лауазымдарына құрылыс өндірісінде жеткілікті тәжірибесі жоқ, жұмысты өз бетімен үйренгендерді тағайындауға мәжбүр болды. Жұмыскерлер мен қызметкерлер құрамының сапасы төмен болғандықтан құрылыс алаңдарындағы жұмысты ұйымдастыруда көптеген кемшіліктер жіберілді (ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 314 іс. 138 п.).

Құрылыс саласында істеген маманның айтуынша бұл жүйелік кемшілікті жоюға талпыныс жасалғанымен, толық шешімі табылмады: «1975 ж. отбасын құрғанымда үй алу қиын болды. ПМК өз жұмыскерлеріне арнап 5 үй салатын. Бірақ, жұмыскерлерге арналған үйлерді райком алып қоятын. Менің үйім 1975 ж. жаңадан салынып жатқан еді. Сонда аудандық ПМК басшысы тойымда отырып өз сөзінде «құрылысы жаңа басталған үй сенікі болады» деді. Райком және т.б. басшылардың барлығының көзінше айтты, ешкім таласа алмады. Ол кезде үй үшін талас аса жоғары, бірінің үстіне бірі бір үйге кіріп алып жататын. Оларды сот және прокуратурамен шығарып жататын. Жас отбасыларға оңай болмады» (Ахметшин, 2021).

Селолық құрылыс Министрлігіне қарасты тресттердегі мамандардың басқа салаларға ауысуы мен тұрақсыздығы басқа да кеңестік өндірістік салалардағы секілді қалыпты жағдайға айналды. 1985 ж. мәлімет бойынша бірқатар тресттерде жұмысшы кадрлардың тұрақсыздығы Министрлік бойынша әлі де орташа көрсеткіштен жоғары. Мысалы, Қарағандасельстрой-10: 23,8%, Джекказгансельстрой-1: 35,4%, Мангышлаксельстрой-12: 23,3%, Востокказсельстрой-24: 35,7% құраған (РМЭА. 131 қ. 2 т. 2698 іс. 16 п.).

Мамандар мен жұмысшылар тұрақсыздығы мен жетіспеушілігі жағдайында құрылыс жоспарын жүзеге асыру үшін сала басшылығы әртүрлі амалдарға барды. Өндірістік қалаларға және поселкелерге жақын аймақтарда бас бостандығынан айырылған адамдар еңбегін пайдалану жүргізілді. Бұл кеңестік жүйенің тұтқындалған адам еңбегін пайдалану дағдысының сарқыншағы еді. Қарағандыға жақын ауылдық жердегі құрылыстың маманы болған респондент: «1980 ж. құрылыс шебері ретінде жұмысымды бастағанда совхоздың

жеке құрылыс бөлімі жұмыс жасады. Жеке тас қалаушы, ағаш ұстасы, ағаш кесуші, сылақшы қыздар болды. Біздегі құрылыстарға Қарабастағы тұтқындар да қатысты. 10 тұтқынды таңертең барып әкеліп, кешке апарып тастап отырдым. Олар тек жазда жұмыс жасады» (Гасанова, 2022).

Жұмысшылардың тұрақсыздығына олардың құрамы және сәйкесінше еңбек тәртібі де әсер етті. 1967 ж. республика бойынша жұмысшы кадрлардың еңбек тәртібінің нашарлығы және жұмысты ұйымдастырудағы кемшіліктердің әсерінен себепсіз бос тұру мен бос жүрістен 6377 адам/күн жоғалды. Жалпы тәртіп жағдайы қанағаттанарлық дегенмен үлкен кемшіліктер де болды. Жекелеген жұмыскерлердің тәртібі сын көтермеді, әсіресе уақытша жұмысқа келгендерінің (оргнабор). Тәртіпсіздік пен бұзақылық жағдайы, ішімдік ішу, жұмысқа шықпай қалу, бос жүру немесе жұмыс орнын рұқсатсыз қалдырып кету көрініс берді. Жалпы еңбек тәртібін бұзғаны үшін 157 адам жұмыстан шығарылды, 309 адам жұмыс орнын өз еркімен қалдырып кетті, 288 жұмыскер және 62 ИТЖ (инженер) жасаған әрекеттері үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды (ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 99 іс. 34 п.).

1967 ж. 1 қаңтардағы мәліметке сәйкес жалпы республика бойынша кінәлі адамдары белгілі 30 мың сом көлеміндегі материалдық құндылықтарды бүлдіру, ұрлау, жымқыру анықталған (7 мың сом ұрлау). Кінәлі адамдарды анықтауды талап ететін қылмыстардан 120 мың сом көлемінде шығын келтірілген (ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 99 іс. 66 п.).

Уақытша жұмыс жасайтын жұмыскерлер құрамы алуан түрлі және әрдайым оң сипатты адамдар болмады. Кеңестік кеңістікте қалыптасқан еңбекті ұйымдастыру жүйесінің құрылыс саласына көп адам тартудағы әдістері туралы респондент: «1970-1980 жж. совхоздың өз бригадасы және жалдамалылар да болды. Қаладағы құрылыстардың жұмысты жиі босататындарын ауылдық жерге алып келді. Бұлар ақша қолына тисе ішімдік ішіп қоятындар. Олар бізде жұмыс жасағанда совхоз директоры: «арақ ішіп қоймасын, арақ сатпаңдар», – деп соңынан қалмай жүреді. Училищеден де құрылыс бригадасына көп практиканттар келіп жұмыс жасады. Жастар құрылыс ісінде бір-біріне қарап машықтанатын» (Абылгазин, 2022).

Жұмысшы жетіспеушілігі, маусымдық жұмыс сипаты, уақытша жұмыскерлердің саны бар, сапасы төмен құрамы және т.б. кеңестік құрылыс саласының ұзақ жылдардағы

дертіне айналды. 1960 жж. аяғында саладағы тексерістерде анықталған кемшіліктер, көптеген талпыныстарға қарамастан ұзақ уақыт жүйелі сипатта қалып қойды. КСРО Халықтық бақылау комитеті республикалық және облыстық деңгейдегі комитеттерімен біріге отырып республиканың Ауыл шаруашылығы министрлігі және Қаз КСР «Казахмежколхозстрой» құрылыс мекемелерінде және колхоздар мен совхоздарда құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізетін жеке тұлғалардың еңбекақысын төлеу жүйесін тексерді. 1965-1968 жж. Қаз КСР-да ауылдағы құрылыс-монтаж жұмыстарының көлемі 546 млн сомнан 692 млн сомға дейін немесе 27%, ауыл шаруашылығы министрлігі құрылыс мекемелерінде жұмыс көлемі 18% өскен. Сонымен қатар көптеген құрылыс мекемелері бірнеше жылдар бойы құрылыс жоспарын орындамаған. Құрылыс-монтаж жұмыстарының орындалмауының бір себебі жұмысшы кадрлармен қамтамасыз ету еді.

Құрылыс механизмдері мен қондырғылары, жұмысшылардың жетіспеуі, сонымен қатар жалпы ауылдағы құрылыстарда, Селолық құрылыс министрлігі және «Казахмежколхозстрой» құрылыстарында еңбекті нашар ұйымдастыруға байланысты (түрмеден құрылысқа адам алу), совхоз және колхоз басшылары құрылысты шаруашылық жолмен жүргізуге мәжбүр болды. Ол үшін Грузия, Әзірбайжан, Армения, Түркіменстан, Украина, Молдава КСР, Солтүстік Кавказ облыстары мен автономды республикаларынан жеке тұлғалар шақырылды. 1960 жж. соңынан бастап совхоздар мен колхоздардағы құрылысты тек көрсетілген республикалар мен облыстардан келетін жеке тұлғалар ғана емес, Қаз КСР қалалары мен аудандарынан келген адамдар да жүргізді. Бұл мысалдар Ақтөбе, Қостанай, Целиноград және т.б. облыстарда жиі кездесті (РФМА. 9527 қ. 1 т. 2099 іс. 4 п.).

Республика совхоздарында тұрақты құрылысшы жұмысшылардың саны жыл сайын азайды, ал маусымдық жұмысшылардың саны арта түсті. Қаз КСР Ауыл шаруашылығы министрлігі мәліметі бойынша 1966 ж. мәдени-тұрмыстық және өндірістік ғимараттардың құрылысында 12 мың, 1967 ж. 13 мың, 1968 ж. 19 мың жеке тұлғалар жұмыс жасаған. Шаруашылықтардағы тұрақты құрылысшы жұмысшылар саны 1967 ж. 32 мың, 1968 ж. 31 мың адамды құрады. Тексерістер анықтағандай, совхоз және колхоздың көптеген басшылары құрылыс және жөндеу жұмыстарына маусымдық жұмысшыларды көп көлемде шақырып,



жүргізілген жұмыс пен оны дұрыс бағалауға бақылау жасамаған. Нәтижесінде ірі көлемде мемлекеттік және колхоздық қаржыларды артық төлеуге жол беріліп, жекелеген адамдар артық қаржыға ие болған.

Тексерілген шаруашылықтардағы аталған жұмысшылардың әрқайсының орташа жалақысы 400-630 сом аралығында, ал кейбір совхоздар мен колхоздарда 800-1400 сомды құраған. Ал, бір тұрақты жұмысшы құрылысының орташа айлық жалақысы 75-136 сом аралығын құрайтын.

Тексеріс көрсеткендей, совхоз және колхоз бухгалтерлары, прораб және шеберлері көп жағдайда совхоз директоры, колхоз төрағаларын хабардар етіп, құрылыс және күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізіп жатқан жекелеген тұлғалардың жоғары жалақы алуын қамтамасыз ету үшін оларға жүргізілген жұмыстардың көлемін артығымен жазып, жалған наряд рәсімдеп, жұмыс құнын асыра бағалап, заңсыз жолақы мен демалыс, сыйақы төледі, жалақысынан салықты толық көлемде ұстамай, маусымдық жұмысшылар ақтамайтын үлкен көлемдегі аванстар берген.

Халықтық бақылау комитеті және банк-қаржы органдары 1967-1968 жж. республиканың 108 совхозында жүргізген тексерісі анықтағандай, жоғарыда көрсетілген қаржылық заң бұзушылықтар нәтижесінде совхоздарда құрылыс және жөндеу жұмыстарын жүргізген жекелеген тұлғаларға 564 мың сом заңсыз төленген.

Одақтың және республиканың басқа да өңірлерінде кездескен заңсыздықтардан ең сорақы жағдайлардың бірі туралы архив құжаттарында кездеседі. Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы, Ақтоғай совхозында маусымдық жұмысшыларға 2 мың сом жалақы заңсыз төленген, олардың ішінде 990 сом артық жазылған жұмыс көлемі, 1057 сом жұмысты артық бағалау үшін. Мысалы, жаз айларында Манукян бригадасындағы әр жұмысшы 480 сом жалақы алған. Ұқсас жағдайлар басқа да өңірлерде кездеседі.

Көп жағдайда әртүрлі облыстар мен республикалардан келген маусымдық жұмысшылар қарапайым және көп күшті қажет етпейтін жеңіл, бірақ жоғары жалақы алатын жұмыстарды атқарады, ал іс ауыр атқарылатын жұмысқа жеткенде, олар жасаған жұмыс күні үшін ақшасын алып колхоздан немесе совхоздан кетіп қалады. Ұқсас жағдайлар арасындағы сорақыларының бірі Ақтөбе облысы, Новороссийск ауданы, Киров атындағы колхозда орын алған. 11 адамнан тұратын жеке тұлғалардың бригадасы, қой қорасын салғаны үшін жалпы

20 мың немесе әр жұмысшыға 480 сом алып, құрылысты аяқтамастан жұмысты тоқтатқан. Бригада жетекшісі Сороян, Хромтау қаласының кен басқармасы ОРС-нан кезектен тыс 4,5 мың сомға Москвич автокөлігін алып, бригадасымен белгісіз бағытта кетіп қалған. Колхоз қой қорасы құрылысы үшін сметалық құнынан артық 5,5 мың сом төлеген.

Құрылысқа жеке тұлғаларды құрылыс тресттері шақырады. Селолық құрылыс министрлігінің кейбір ҚМК (ПМК) басшылары жекелеген тұлғалардың жұлқынған көңіл-күйін қолдап, оларға жасалған жұмыс көлемін артық жазып, жылжымалы жұмыс сипаты үшін 30 пайыздық қосымша ақы, тұрғылықты жеріне барып, қайтуға жолақы төлеген.

Совхоз және колхоз құрылысына келген көптеген жекелеген тұлғалар нақты мекен-жайсыз тұрып, еңбек келісімшартын селолық кеңестерде бекітпей, еңбек кітапшаларын тапсырмай жүрген. Осыған байланысты бұл азаматтардың жеке мәліметтерінің, төлем ведомствосына қойған қолдарының жалған немесе растығын анықтау қиынға түскен. Осыны пайдаланып кейбір жұмыскерлер жалған наряд жазу мен төлем ведомстволарын қолдан жасау арқылы біраз қаржыны жымқырып кетіп жүрді.

Қаз КСР ауыл шаруашылығы министрлігі және селолық құрылыс министрлігі, КСРО Мемлекеттік банкінің Республикалық кеңсесі, олардың қарамағындағы тресттер, басқармалар, кеңселер совхоз, колхоз және құрылыс ұйымдарындағы маусымдық жұмысшыларға жалақы төлеу мәселесіне жеткілікті түрде көңіл бөлмеді. Нәтижесінде бірқатар совхоз, колхоз және құрылыс мекемелерінде құрылысқа шақырылған уақытша жұмысшылардың еңбекақысын заңсыз төлеу бойынша көптеген фактілер кездесіп, бұл Одақ бойынша жалпыға ортақ үрдіске айналды (РФМА. 9527 қ. 1 т. 2099 іс. 13 п.).

Маусымдық жұмысқа келгендерді жергілікті халық көрді, бірақ олардың әртүрлі құйтырқы жолдармен қаржы табу жолында жүргенінен хабардар емес еді: «Неге екенін құрылысқа арзан жұмыс күші армяндарды көп әкелді. Олар жылдам салады, ақша бөлінеді, тегін жұмыс жасамайды ғой. Ауылда негізгі жұмыс қысқа дайындық қой. Уақытша жүргендер көп жұмысты шала атқарады. Қалған жұмысты жергілікті халық өздері жасайды. Үй салса да негізінен қабырға мен төбесін істейді де, қалғанын аяқтамай кетіп қалады» (Жылқыбаев, 2021).

Бірқатар жағдайларда совхоздардың шаруашылық жолмен атқаратын жұмыс көлемінің ор-

таша есеппен 60 пайызы ғана жұмыс күшімен қамтамасыз етілгендіктен, бөлінген қаржыны игеру үшін шаруашылық басшылары уақытша бригада жалдайды («шабашник»)(РФМА. 9527 к. 1 т. 593 іс. 3 п.).

Тау халықтарын және басқа одақтық республикалардан келетіндерді «шабашник» деп негізгі екі топқа бөліп атау кең таралғаны туралы респондент: «Құрылысшылардың негізгі бөлігі Украинадан келген еді. Олар негізінен жазда маусымдық жұмыс жасаған «шабашниктар» (Бодик, 2022).

Қаржының жұмсалудағы кемшіліктердің басты себептерінің бірі заңсыздықтар ғана емес, құрылыс материалының қымбатшылығы. Құрылыс материалы барлық елдерде әртүрлі болса да, әрдайым өздігінше қымбат болған. Әлемдік архитектураның алуан түрлілігін жергілікті ерекшеліктер, мүмкіншіліктер және адамдардың талпынысына байланысты табылған құрылыс материалының түрі анықтаған. Қытайлар бүгінгі күнге дейін «құрылысты жер мен ағаштан құралған кәсіпорын» деп атайды. Барлық құрылыс түрлерінде әртүрлі замандарда басты және қол жеткізу қиындығына қарай қымбат материал ағаш болды (Бродель, 1986: 295).

Халық шаруашылығының көптеген салалары ірі табыстарға жеткен уақыттың өзінде кеңестік жүйеде аталған мәселелер әлі де көкейкесті болып тұрды. Қазақ КСР селолық құрылыс министрлігі түсіндірме жазбасына сәйкес 1984 ж. селолық құрылыс ісі цемент, ағаш және т.б. жетіспеушілігінен көп зардап шеккен. Әсіресе құрылыс қызған маусым айынан бастап цемент жетіспеушілігі орын алып, ал жыл соңындағы цемент жетіспеушілігі 58,2 мың тоннаға жеткен. Цементпен қамтамасыз етудегі кемшіліктерге негізгі жауапты, сол жылы 53 мың тоннаға кем жеткізген Қарағанды цемент зауыты болып табылды. Цементті жеткілікті көлемде жеткізбеуі салдарынан барлық құрылыс ұйымдары мен кәсіпорындарының жұмысы тоқтап қалған. Негізінен Қарағанды цемзауытының нашар жұмысының себебінен солтүстік облыстар көп зардап шеккен (РМЭА. 131 қ. 2 т. 2698 іс. 5 п.).

Ауылдық жердегі құрылыс пен баспана мәселесінде саланың табысы мен шығындары жағдайында да қамтамасыз ету мәселесінде өзіндік түйткілдер орын алып отырды. Шаруашылық және тұрғын үй құрылысын қамтамасыз етудегі жергілікті түйткілдер жайлы респондент: «Мысалы, 2 үй сал десе құрылыс материалын беруге міндетті. Бермейді ғой... Аудан орталығында да құрылыс жүріп жатқан соң ау-

дан басшылығы өздерің табындар дейді. Совхоз үлкен шаруашылық, малдарың бар, табындар, өздерің салып алындар деген соң, өндіріс орындарын тауып, құрылыс материалдарын солармен келісіп аламыз. Оларға жұмыскеріне шөп, асханасына ет береміз. Бір вагон цемент алсаң мольна жетеді. Дайын тұрған терезе, есік блоктары келе бастады. Қабырғасын көтеріп, төбесін жапқан соң тұрғындар қалғанын өзі істеп алатын» (Касенов, 2021).

Ірі елді-мекендерден шалғай аймақтардағы құрылыстар әрдайым өткен тарихи кезеңдерді еске түсіретін құжат секілді. Сәулет-құрылыс мәдениеті әрдайым өркениеттер мен елдердің даму деңгейі және ерекшеліктерінің көрсеткішінің бірі. Кеңестік кезеңдегі қарапайым ауылда жаңадан бой түзеп келе жатқан типтік құрылыстарды да, ескі жатаған үйлерді де, шалғай малшылардың мекендерінде киіз үйлерді де көруге болатын. Құрылыс ісіндегі сарқыншақтар уақыт бойынша шектеуі жоқ дәлел секілді, ал шалғай жерлерде олардың сақталу мүмкіндігі көбірек еді (Бродель, 1986: 288).

Шалғайлық ерекшелікті сақтау орны болды десек те, кеңестік кезеңде бұл ерекшелік халық шаруашылығы, оның ішінде құрылыс саласын тежеуші факторлардың бірі болды. Шалғайлыққа шұғыл континенталды қатал климат жағдайларын қосу керек.

1966-1967 жж. 3 қыс айында «Қарағандасельстрой» тресты ауыр метериологиялық жағдайға байланысты жоспарды толық орындай алмаған (боран, аяз, қалың қар). Осы себептен жұмыскерлер 3111 адам/күн көлемінде мәжбүрлі түрде жұмысын тоқтатқан. Сонымен қатар қардан тазалау жұмыстарына 987 адам/күн тартылған (ҚР ОМА. 2022 к. 1 т. 99 іс. 7 п.).

Кез келген салаға ауқымды әсер ете алатын қатал климат жағдайы туралы респондент: «1972 ж. облыс парткомының бірінші хатшысының орыс балдызы, ауыл шаруашылық хатшысы болып келді. Ол қыста С-100 трактормен Жезқазғаннан Ұлытауға дейін боранда 5 тәулік жүріп келген» (Шымберген, 2021).

Жолсыздық, объектілердің шашыраңқылығы, материалды қамтамасыз ету базаларынан шалғай орналасудың (300-500 км) жұмыскерлерді ұйымдастыру және жұмыс жағдайына кері әсері тиді. Қысқы уақыттағы төмен температура көрсеткіші және қарлы борандардан, сонымен қатар күз-көктем уақытындағы жолсыздықтан 1966 ж. тұтас ауысымдардың тоқтап тұруы 165 мың адам/күнді құраған. Осының барлығы ауылдағы мердігерлік құрылыста маусымдық

сипатты қалыптастырады, жұмыскерлерді жаз мезгілінде кейде толық жарық күн жұмыс жасауға мәжбүрлейді, бұл еңбек өнімділігін жасанды жолмен көтеруге әкелді (ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 314 іс. 140 п.).

Маусымдық жұмыс сипаты жайлы респондент: «1970 жж. аяғына дейін қыста құрылыс көп салмадық. Жазда құрылысқа қатысқандар, қыста көмекші (қыстаққа) немесе мекемеге от жағушы болып кетеді. Кейіннен құрылыс бригадасы құрылды. Жатақханасы болды. Келген жұмыскерлерге бітпеген үйлерді жатақхана ретінде беретінбіз. Олар қыс бойы өздері жөндеп жазға дейін бітіріп алатын. Студенттер жазда келіп үйді қарайтып қана салып кететін. Қабырға мен төбе бар, бастысы төбесі шифрланған. Студенттер кеткен соң, күн суығанда жұмыс баяу жүреді» (Ахмаев, 2021).

Ауылдық аймақтағы құрылыстың басты ерекшеліктерінің бірі әр елді-мекендегі шағын жұмыс көлемі және олардың үлкен аймақта шашыраңқы орналасуы. Құрылыс бір мемлекеттік шаруашылық немесе әкімшілік бірлікке тиесілі бірнеше елді-мекен, яғни орталық усадьба немесе бөлімшеде (фермада) жүргізіледі. Жыл сайын Одақтың ауылдық жердегі құрылысқа қатысты қаптаған мекемелері 10 мың шаршы шақырым аумақта тек 8 млн. сомның құрылыс-монтаж жұмыстарын атқарады. 1980 жж. басында орта есеппен Қазақ КСР Селолық құрылыс Министрлігінің бір мекемесі Жезқазған облысында 45 мың шаршы шақырым, Солтүстік Қазақстан облысында 1,5 мың шаршы шақырым аумаққа қызмет көрсеткен (Махашев, 1982: 105).

Шалғай аймақта құрылыс ісін жүргізу үшін аса қажеттінің бірі – тасымал. 1985 ж. өзінде автомобиль паркін қолданудың төмен деңгейдегі көрсеткіші Селолық құрылыс министрлігінің жүк көліктер паркінің 60% астамы 8-10 жылдан көп уақыт қолданыста жүргендіктен, жөндеу жұмыстарында жоспардан көп уақыт тұрып қалуымен түсіндірілген. Автомобиль паркінің 47,2% қолданыс мерзімінен 10 жыл көп уақыт жүрген, сондықтан техникалық жағдайы мен жүріс көлеміне байланысты олар есептен шығарылуы тиіс болды. Автомобильдер жұмысының орта есеппен жолда жүретін тәуліктік ұзақтығы 1985 ж. жоспардағы 10,7 сағаттан кем 10,6 сағатты құрады. Жоспардың толық орындалмауы жүргізуші және жөндеуші құрамдағы жұмысшылармен толық қамтамасыз етілмеуінен, автопарктің 1,5-2 ауысымдық жұмысына кедергі келтіретін қоймалардың бір ауысымда жұмыс істеуінен, сонымен қатар

Жезқазған, Маңғыстау, Торғай және басқа да облыстарда жүргізуші кадрларына байланысты қиындықтардан туындады.

Тіркемемен жүк тасу көлемі жалпы жүк тасу көлемінің жоспарға сай 5,5% орнына 4,2% құраған. Автотіркемелердің жеткілікті түрде толық қолданылмауының себебі, тіркемелердің авторезеңкенің жоқтығынан тұрып қалуы, жүк тиеу-түсіру операцияларының нашар ұйымдастырылуы, Гурьев, Маңғыстау, Жезқазған, Шығыс Қазақстан облыстары бойынша нашар жол жағдайларынан болды. Осыған байланысты Джетысайсельстрой №3, Карагандасельстрой №10, Джезказгансельстрой №11, Тургайсельстрой №15, Кзыл-Ордасельстрой №16 трестерінде жұмыс уақытын жоғалту өскен (РМЭА. 131 қ. 2 т. 2698 іс. 32 п.).

Ауылдық елді-мекендердің шалғайлығы мен жол қатынасының нашарлығы, автомобиль паркінің ескіруі мен техникалық талаптарға сәйкессіздігі құрылыс қана емес, қарапайым адам тасымалына да кері әсер етті. Респондент жол-қатынас қиындығы туралы: «Жол қатынасы 1960-шы жж. аса ауыр болды. Грузотакси деген борты адам тасуға ыңғайлы етіп жасалған жүк көліктері жүрді. 1970-ші жж. басында алғашқы автобус пайда болды. Бірақ, олар тас жол болмаған соң жолда қыс кезінде қарда, басқа кезде батпақта тұрып қалатын. Сайлардың арасымен қыстақтар жанымен өтетін көліктер. Тұрып қалған көлікті совхоз тракторы келіп сүйреп шығарғанша сол маңдағы қыстақта қонған кездеріміз көп болды. 1970-ші жж. ортасы шамасында грейдер жол п.б. Кейін асфальт жол да келді» (Қосшығұлов, 2021).

Ауыл шаруашылығының дамуына көңіл бөлінгенімен, шаруашылықты алға сүйрейтін адамдар жағдайы барлық талаптарды қанағаттандыра алмады. Партия және Үкіметтің қой шаруашылығын дамыту үшін шөл және шөлейт аймақтарда 165 миллион гектар жерді игеру жайлы 1965 ж. қаулысы жүзеге асып жатты. Республикада жаңадан 89 қой совхозы құрылды. Бірақ, барлық совхоздар, әсіресе қой совхоздары үлкен көмекке мұқтаж болды. Тұрғын үй құрылысының деңгейі халықтың сұранысын қанағаттандырмады, бұл жағдай жаңа совхоздардың көпшілігінде қаржының және құрылыс материалдарының жетіспеушілігінен орын алған. Барлық совхоздар теміржол стансаларынан 160 км және одан да алыс қашықтықта орналасқандықтан, құрылыс материалдарының басым көпшілігі құрылыс орындарына автотранспортпен жеткізілді, ал жеке жүк тасымалы-

на арналған автокөлікпен совхоздар қамтамасыз етілмеді (РМӨСТА. 591 қ. 1 т. 169 іс. 162 п.).

Жол-қатынас және тасымал мәселесінің қиындығы жағдайында қарапайым халық қажетті баспанаға арналған құрылыс материалын амалдап тауып жүрді. Өз қолымен кірпіш құйып баспана салған респондент бұл жайлы: «Басты қиындық – тақтай табу. Негізінен қой шаруашылығымен айналысқан совхозымыздан басқа қамтамасыз етілуі жоғары, егін шаруашылықтарының құрылысына апара жатқан тақтайларын жолда шоферлардан біртіндеп сатып алып жүрдік. Солай үй салып алдық» (Ақылтаев, 2021).

Жоғары басшылықтан ресми рұқсат ала алмаған жергілікті басшылар мен құрылыс мамандары, мектеп және т.б. халыққа қажетті мекемелердің жетіспеушілігін шешу үшін түрлі амалдарға баруға мәжбүр болды. Көптеген совхоздарда типтік жобаны өз бетімен өзгерту және кейбір жағдайда тұрғызылған құрылыс объектілерін мақсатқа сәйкес емес қолдануға жол берілді. 1965 ж. Тельман ауданы Держинский атындағы совхозда 8 пәтерлі үй мектепке ыңғайластырып өзгертілген, XX партсъезд атындағы совхозда салыну барысында жатақхана жобасы өзгертілген және балабақшаға айналдырылған, Тұзды совхозында ғимараттарды жөндеу есебінен мәдениет үйі салынған, сондықтан Мемлекеттік банк оларды қаржыландыруды тоқтатып тастаған екен (РФМА. 9527 қ. 1 т. 593 іс. 20 п.).

Байқағанымыздай барлығы халыққа қажетті әлеуметтік объектілер. Жергілікті басшылардың халық қажеттілігі үшін жасаған амалдары басқа да аудандарда кездеседі. Егіндібұлақ ауданы құрылыс маманы бұл туралы: «Қаракөлде СХО болды. Соған жатақхана салды. Жатақханаға тек маусымдық жұмыс кезінде адам жатады, басқа уақытта ғимарат бос. Біз оны басқа уақытқа мектеп ретінде салайық деп шештік. Мектеп салған соң міндетті түрде спортзал керек екен.

Ортасындағы бөліп тұрған қабырғаны алып тастап, қараңғы болмау үшін стеклоблокпен ортасынан қалап, спортзал ретінде дайындадық. Құрылыс жоспарын өзгерткен үшін сөгіс алдық. Халықтық бақылау комитеті бюродан кейінгі жоғарғы тексеруші және жазалаушы орган. Бюрода 9, комитетте 12 адам болады. Халықтық бақылау комитеті бізді жұмыскер жатақханасын мектепке айналдырды деп айыптады. Менің 3 ай жалақымды кесті. Басқа екі адам партиялық сөгіс алды. Бұл 1970-ші жж. аяғы. Қаракөлдің балалары ол кезге дейін 1950-ші жж. салынған ескі 1 қабатты 8 жылдық мектепте оқыды. Біз мектеп салған соң 10 жылдық болып ашылды. Оған дейін Қаракөл балалары Егіндібұлақ интернатында оқыды. Қаракөлде шамамен 100 шақты үй болды» (Ахметшин, 2021). Адам саны өсіп келе жатқан ауылдық елді-мекендерге әрдайым толыққанды көңіл бөлінбеді. Сондықтан жергілікті басшылар қарапайым халық мүддесі үшін осындай әрекеттерге баруға мәжбүр болды.

Кеңестік кезеңдегі ғимараттардың көпшілігі бүгінге дейін сақталып, әлі де пайдаланылуда. Демек құрылыс сапасы жоғары болды десек те, әрдайым сапа көрсеткіші жоғары болмады. Республикада 1967 ж. тексерілген жалпы аумағы 720 мың ш.м. тұрғын үйдің 78% «жақсы», «өте жақсы» бағасымен тапсырылған, алайда көптеген объектілерде құрылыс жұмыстары барысында техникалық жағдайлар өрескел бұзылған, ал қолданысқа берілген объектілерден ақаулар мен соңына дейін аяқталмаған тұстары анықталады (ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 306 іс. 19 п.).

Құрылыстың аяқталмай қалуы жайлы респондент: «Ол кезде үйді соңына дейін салмайтын. Қабырғасы мен төбесін жақсылап істеп береді, өзің аяқтап аласың. Болды» (Касенов, 2021).

Құжат бойынша қабылданған объектілерді де кейін анықталған кемшіліктер бойынша қайта жөндеу жұмыстары жиі орын алып отырғаны жайлы келесі құжаттан көре аламыз.

2-кесте – Тапсырылған объектілердің сапасы

Жылдар	Тапсырылған объект саны	Сапасы		
		Өте жақсы	Жақсы	Қанағаттанарлық
1965	208	20	149	39
1966	190	24	141	25

1965 ж. сапасыз салынған құрылыстың кемшіліктерін қайта жөндеу үшін 64 мың сом, 1966 ж. 28 мың сом жұмсалған. Ең көп шығын жұмсағандар: ПМК-13 (Нұра ауданы) 10 мың сом, ПМК-2 (Осакаров ауданы) 10 мың сом, ПМК-1 (Ульяновск ауданы) 7 мың сом. Облыс бойынша 1966 ж. ең сапасыз салынған құрылыстар ретінде келесі объектілерді кемшіліктерімен атап өтуге болады: Нұра ауданы Чернигов селосының асханасының шатыры дұрыс жабылмаған, Красный Октябрь және Бурминский совхоздарының МТМ-і бойынша техникалық жағдайлар дұрыс жасалмаған (ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 99 іс. 11 п.).

Құрылыс ісіндегі кемшіліктерді ауылдық жердегі құрылыс ісіне көмекші ретінде бекітілген шефтік мекемелер де көп жіберген. Осакаров ауданы респонденті бұл жайлы: «Тағы да кеңестік жүйедегі олқылық... Мысалы, бізде шеф Шахтинск құрылыс комбинаты. Оларға бастапқыда қандай да бір тұрғын үй көлемін қолданысқа енгізу жоспары берілген. Ол бұл жоспардан артық орындай алмайды. Оған артық кірпіш немесе төбе жабатын плита берген жоқ. Бірақ оны партия обкомы бюросының шешімімен, мысалы Ишимскийде мал шаруашылығы базасын салуға міндеттеді. Ол бұл объектіні неден салады. Егер совхозда бір объект салса, ол басқа бір жерде үйдің немесе зауыттың құрылысын сапасыз жүргізеді. Демек ол басқа құрылысқа берілген материалды жұлып әкетіп, мысалы сол Ишимскиге берген. Сондықтан мұның барлығы ойдан шығарылған жүйе болды. Ол ауылдық жерде аса көп іс тындырмады. Мүмкін шеф ретінде кран берер немесе бір жақтан құрылыс блоктарын жасырын алып келеді. Ал, негізі бұл жүйе өзін-өзі ақтаған жоқ. Мысалы, сол комбинатқа қор бойынша мың тонна цемент береді, егер совхоз цемент сұраса комбинат басшылығы өзімізге жетпей жатыр дейді. Көмек ретінде кран жібереді немесе басқа жақтан цементті жасырын алып береді. Егер совхоз келісім бойынша 10 бас ірі қара апарса, комбинат басқа жақтан қандай да бір көлемде кірпіш тауып әкеледі. Жалпы осылай. Бұл бір амалсыздың күні болды. Егер осы шефтік мекемелерге совхоздардағы құрылыс үшін қосымша қор берсе, бұл өзара тиімді жағдайларда жүрер еді» (Бодик, 2021).

### Қорытынды

Ауылдық жердегі құрылыс ісі мен баспанамен қамтудағы бірқатар мәселелерді шешуге әрдайым талпыныс жасалды. Бірақ, баспанамен қамтамасыз ету халық санының үздіксіз өсуін

қуып жете алмай отырды. Тек «Тұрғын үй-91» бағдарламасы мәселені шешкендей болды. Көптеген кемшіліктер кеңестік шаруашылық жүйе мен өнеркәсіптің түйткілдерінен пайда болып, ұзақ жылдар өз шешімін табуда қиындықтар тудырды. Ауылдық жердегі табиғи-климаттық жағдайға байланысты маусымдық жұмыс сипаты, шалғайлыққа байланысты құрылыс материалымен қамтамасыз ету қиыншылықтары және ауыл шаруашылығының дамуына ғана басым көңіл бөлінген жағдайдағы жұмысшы күшінің жетіспеуі бірқатар мәселелердің туындауына себепкер еді. Маман жетіспеушілігі мен жүйелік қателіктер сандық қана емес, сапалық қателіктерге жол беруге алып келді. Мемлекет жасаған талпыныстар өз нәтижесін бергенімен, экономикалық тиімсіздік пен техникалық артта қалушылық та айқын көрініс берді. Халық бастапқыда мәселені негізінен тек өз бетімен шешті. Біртіндеп мемлекет берген мүмкіндіктер пайдаланыла бастады. Бірақ, ауыл тұрғындары көп жағдайда әдеттегідей өз баспаналарын ретке келтіру мәселелерімен өздері айналысты. Баспана мен әлеуметтік объектілерге мұқтаждық мәдени және әлеуметтік жағдайлардың жасалмауы жастардың ауылдан біртіндеп кетуін жалғастырды. Бұл тенденция кеңестік кезеңде байқалмай, тәуелсіздік алған соң белең алғанымен түп-тамыры тоталитарлық жүйеде жатыр.

Тақырыпқа қатысты зерттеу нәтижесінде туындаған және деректермен негізделген тұжырымдарды ұсынамыз:

1. Құрылыс ісі, сәйкес баспана мен әлеуметтік объектілер құрылысын уақтылы және сапалы жүргізудегі кемшіліктерге материалдық-техникалық база әлсіздігі әсер етті және бұл үрдіс ұзақ уақытқа созылды.

2. Құрылыс саласына жұмысшылар мен сапалы мамандар жетіспеді, мәселені шешу әртүрлі ескі және жаңа жолдармен жүргізілді. Жетіспеушілік себептері:

а) ауылдағы халық ауыл шаруашылығына қажет болды және құрылыс саласына қызығушылық танытпады;

б) шалғай орналасу маман мен жұмыскер жеткізуге кедергі келтірді.

3. Құрылыс материалымен қамтамасыз етуге назар аударылмады, қаржы бөлінбеді, бөлінген материалды жеткізуге көлік-инфрақұрылым кемшіліктері кедергі болды.

4. Құрылыс көлемі уақыт өте келе артса да, әрдайым көңіл толтырмады, себебі жоғарыда аталғандардан бөлек саладағы бақылау нашар еді.

### Әдебиеттер

- Абылгазин Ж.Л. Т.ж.: 22.02.1952., жазба уақыты: 05.01.2022., орны: Құлайғыр с., 1964-1985 жж. тұрды: Мичурин ауданы.
- Акылтаев С. Т.ж.: 07.05.1938., жазба уақыты: 14.04.2021., орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Қарқаралы ауданы.
- Арконов Т.Ж. Т.ж.: 17.11.1936., жазба уақыты: 07.04.21, орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Егіндібұлақ ауданы.
- Арьес Ф, Дюби Ж. (2017). История частной жизни. Том 5. От I Мировой войны до конца XX века. Москва: Новое лит. Обозрение. 676 с.
- Ахмаев О.К. Т.ж.: 05.08.1946., жазба уақыты: 30.10.2021., орны: Нұр-Сұлтан қ. 1964-1985 жж. тұрды: Қарқаралы ауданы.
- Ахметшин Ш. Т.ж.: 10. 08.1950., жазба уақыты: 24.06.2021., орны: Егіндібұлақ с., 1964-1985 жж. тұрды: Егіндібұлақ ауданы.
- Бодик Г.Н. Т.ж.: 25.11.1952., жазба уақыты: 31.01.2022., орны: Осакаровка п., 1964-1985 жж. тұрды: Осакаров ауданы.
- Бродель Ф. (1986). Материальная цивилизация, экономика и капитализм, XV – XVIII вв. Т.1.: Структуры повседневности: возможное и невозможное. Пер. с фр. Л.Е. Куббеля. Москва: Прогресс. 622 с.
- Гасанова С.В. Т.ж.: 29.06.1954., жазба уақыты: 05.01.2022., орны: Құлайғыр с., 1964-1985 жж. тұрды: Мичурин ауданы.
- Дэвис Н.З. (1990). Возвращение Мартена Герра. Пер. с англ. Л.А. Величанского. Москва: Прогресс. 208 с.
- Жылкыбаев И.Ы. Т.ж.: 01.01.1949., жазба уақыты: 11.12.21., орны: Атасу п., 1964-1985 жж. тұрды: Жаңаарқа ауданы.
- Итоги Всесоюзной переписи населения 1979 года (по материалам районной разработки). (1983). Часть II. Алма-Ата: ЦСУ Каз ССР. 270 с.
- Кабулов М.К. Т.ж.: 20.02.1940., жазба уақыты: 27.06.2021., орны: Егіндібұлақ с., 1964-1985 жж. тұрды: Егіндібұлақ ауданы.
- Касенов Б.Б. Т.ж.: 15.11.1948., жазба уақыты: 12.12.21., орны: Атасу п., 1964-1985 жж. тұрды: Жаңаарқа ауданы.
- Корикбаев Х.А. Т.ж.: 15.04.1948, жазба уақыты: 26.01.2022., орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Шет ауданы.
- Қосшығұлов А. Т.ж.: 21.02.1951., жазба уақыты: 27.07.2021., орны: Қарағанды қ., 1964-1985 жж. тұрды: Қарқаралы ауданы.
- ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 99 іс. 7 п., 11 п., 34 п., 66 п.
- ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 306 іс. 19 п.
- ҚР ОМА. 131 қ. 2 т. 388 іс. 2 п.
- ҚР ОМА. 2022 қ. 1 т. 314 іс. 137-140 пп.
- Ле Руа Ладюри Э. (2001). Монтайю, окситанская деревня (1294-1324). Пер. с фр. В.А. Бабинцева и Я.Ю. Старцева. Екатеринбург: Изд-во Ур. ун-та. 541 с.
- Махашов О.С. (1982). Управление и планирование в сельском строительстве. Алма-Ата: Кайнар. 136 с.
- Назаров В.В. (1998). История становления развития сельского капитального строительства в Сибири (1960-е-1980-е гг.). Иркутск: Изд-во Иркут. ун-та. 266 с.
- Назаров В.В. (1999). История становления развития сельского капитального строительства в Сибири, 1960-е-1980-е гг. Диссертация на соискание степени доктора исторических наук. Иркутск. 545 с.
- РМЭСТА. 591 қ. 1 т. 169 іс. 162 п., 163 п.
- РМЭА. 7486 қ. 21 т. 428 іс. 82 п.
- РМЭА. 131 қ. 2 т. 2698 іс. 5 п., 16 п., 32 п.
- РФМА. 9527 қ. 1 т. 593 іс. 3 п., 8-13 пп., 20 п.
- РФМА. 9527 қ. 1 т. 2099 іс. 4 п., 13 п.
- Чуркин А.Н. (1974). Строительство и преобразование села в условиях интенсификации сельскохозяйственного производства. Тбилиси: Сабчота Сакартвело. 645 с.
- Шымберген Т. Т.ж.: 25.12.1934., жазба уақыты: 05.12.21., орны: Ұлытау с., 1964-1985 жж. тұрды: Ұлытау ауданы.
- Щеглова Т.К. (2008). Деревня и крестьянство Алтайского края в XX веке. Устная история. Барнаул: БГПУ. 526 с.
- Saktaganova Z.G. (2020). Women's labor and everyday life in the great patriotic war years / Z.G. Saktaganova // Opción. Especial No. 27. P. 1168-1183.

### References

- Abylgazin Zh.L. T.zh.: 22.02.1952., zhazba uakyty: 05.01.2022., orny: Kulaigyr s., 1964-1985 zhzh. turdy: Michurin audany.
- Ahmaev O.K. T.zh.: 05.08.1946., zhazba uakyty: 30.10.2021., orny: Nur-Sultan k., 1964-1985 zhzh. turdy: Karkaraly audany.
- Ahmetshin Sh. T.zh.: 10.08.1950., zhazba uakyty: 24.06.2021., orny: Egindibulak s., 1964-1985 zhzh. turdy: Egindibulak audany.
- Akyltaev S. T.zh.: 07.05.1938., zhazba uakyty: 14.04.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Karkaraly audany.
- Arkonov T.Zh. T.zh.: 17.11.1936., zhazba uakyty: 07.04.21, orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Egindibulak audany.
- Ares, F., Diubi, Zh. (2017). Istoriia chastnoi zhizni: monografiia: v 5-i t. T.5: Ot I Mirovoi voiny do kontsa XX v. [The history of private life. Volume 5. From World War I to the end of the XX century]. Moskva: Novoe lit. Obozrenie. 676 s.
- Bodik G.N. T.zh.: 25.11.1952., zhazba uakyty: 31.01.2022., orny: Osakarovka p., 1964-1985 zhzh. turdy: Osakarov audany.

Brodel, F. (1986). *Materialnaia tsivilizatsiia, ekonomika i kapitalizm, XV – XVIII vv. T.1.: Struktury povsednevnosti: vozmozhnoe i nevozmozhnoe*. Per. s fr. L.E. Kubbelia. [Material civilization, economy and capitalism, XV – XVIII centuries. Vol. 1.: Structures of everyday life: possible and impossible. Trans. from the French L.E. Kubbel]. Moskva: Progress. 622 s.

Churkin A.N. (1974). *Stroitelstvo i preobrazovanie sela v usloviakh intensifikatsii selskokhoziaistvennogo proizvodstva*. [Construction and transformation of the village in conditions of intensification of agricultural production]. Tbilisi: Sabchota Sakartvelo. 645 s.

Devis N.Z. (1990). *Vozvrashchenie Martena Gerra*. Per. s angl. L.A. Velichanskogo. [The Return of Martin Herr. Translated from the English by L.A. Velichansky]. Moskva: Progress. 208 s.

Gasanova S.V. T.zh.: 29.06.1954., zhazba uakyty: 05.01.2022., orny: Kulaigyr s., 1964-1985 zhzh. turdy: Michurin audany.

Itogi Vsesoiuznoi perepisi naseleniia 1979 goda (po materialam raionnoi razrabotki). Chast II. [The results of the All-Union Population Census of 1979 (based on the materials of the district development). Part II]. Alma-Ata: TsSU Kaz SSR. 270 s.

Kabulov M.K. T.zh.: 20.02.1940., zhazba uakyty: 27.06.2021., orny: Egindibulak s., 1964-1985 zhzh. turdy: Egindibulak audany.

Kasenov B.B. T.zh.: 15.11.1948., zhazba uakyty: 12.12.21., orny: Atasu p., 1964-1985 zhzh. turdy: Zhangaarka audany.

Kosshyglyov A. T.zh.: 21.02.1951., zhazba uakyty: 27.07.2021., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Karkaraly audany.

Korikbaev H.A. T.zh.: 15.04.1948, zhazba uakyty: 26.01.2022., orny: Karagandy k., 1964-1985 zhzh. turdy: Shet audany.

KR OMA [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 131 k. 2 t. 388 is. 2 p.

KR OMA [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 2022 k. 1 t. 314 is. 137-140 pp.

KR OMA [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 2022 k. 1 t. 306 is. 19 p.

KR OMA [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 2022 k. 1 t. 99 is. 7 p., 11 p., 34 p., 66 p.

Le Rua Ladiuri, E. (2001). *Montaiiu, oksitanskaia derevnia (1294-1324)*. Per. s fr. V.A. Babintseva i Ia.Iu. Startseva. [Montayu, Occitan village (1294-1324). Translated from the French by V.A. Babintseva and Ya.Yu. Startseva]. Ekaterinburg: Izd-vo Ur. un-ta. 541 s.

Makhashov O.S. (1982). *Upravlenie i planirovanie v selskom stroitelstve*. [Management and planning in rural construction]. Alma-Ata: Kainar. 136 s.

Nazarov V.V. (1998). *Istoriia stanovleniia razvitiia selskogo kapitalnogo stroitelstva v Sibiri (1960-e-1980-e gg.)*. [The history of the formation of the development of rural capital construction in Siberia (1960s – 1980s)]. Irkutsk: Izd-vo Irkut. un-ta. 266 s.

Nazarov V.V. (1999). *Istoriia stanovleniia razvitiia selskogo kapitalnogo stroitelstva v Sibiri, 1960-e-1980-e gg. Dissertatsiia na soiskanie stepeni doktora istoricheskikh nauk*. [The history of the formation and development of rural capital construction in Siberia, the 1960s – 1980s. Dissertation for the degree of Doctor of Historical Sciences]. Irkutsk. 545 s.

RFMA [State Archive of the Russian Federation]. 9527 k. 1 t. 2099 is. 4 p., 13 p.

RFMA [State Archive of the Russian Federation]. 9527 k. 1 t. 593 is. 3 p., 8-13 pp., 20 p.

RMASTA [Russian State Archive of Socio-Political History]. 591 k. 1 t. 169 is. 162 p., 163 p.

RMEA [Russian State Archive of Economics]. 131 k. 2 t. 2698 is. 5 p., 16 p., 32 p.

RMEA [Russian State Archive of Economics]. 7486 k. 21 t. 428 is. 82 p.

Saktaganova Z.G. (2020). *Women's labor and everyday life in the great patriotic war years / Z.G. Saktaganova // Opción. Especial No. 27. R. 1168-1183.*

Shcheglova, T.K. (2008). *Derevnia i krestianstvo Altaiskogo kraia v XX veke. Ustnaia istoriia* [The village and the peasantry of the Altai Territory in the XX century. Oral history.]. Barnaul: BGPU. 526 s.

Shymbergen T. T.zh.: 25.12.1934., zhazba uakyty: 05.12.21., orny: Ulytau s., 1964-1985 zhzh. turdy: Ulytau audany.

Zhylkybaev I.Y. T.zh.: 01.01.1949., zhazba uakyty: 11.12.21., orny: Atasu p., 1964-1985 zhzh. turdy: Zhangaarka audany.